ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

050000, Алматы қ., Желтоқсан к., 83
Тел. 8 (727) 279-30-26
E-mail: link.almaty@minfin.gov.kz

050000, г. Алматы, ул. Желтоқсан, 83
Тел. 8 (727) 279-30-26
E-mail: link.almaty@minfin.gov.kz

23.05.2018г. № 05-07/2408

"Өнерлі, өренді-жас толқындар" ЖҚҚ

Сіздің 27.04.2018ж. № 12717 хатыңызға

Алматы қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (әрі-қарай - Департамент), Сіздің арызыңыз бойынша "Алматы қаласы Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы" КММ-мен ұйымдастырылған № 2476590-1 «Студенттік ұйымдардың белсенділеріне арналған жазғы жастар лагерін ұйымдасту және өткізу (тренингтер, тимбилдинги және т. б.)» мемлекеттік сатып алу конкурсын қарап, төмендегіні хабарлайды.

27.04.2018ж. № 2183780 қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес, конкурстық комиссия тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына әлеуеттік өнім берушінің ұсынатын жобасына сәйкес келуі үшін Сізге 0 балл берген.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 51 бабының 6 тармағына сәйкес, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған ерекшеліктер ескеріле отырып, осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру Қағидаларының (әрі-қарай - Қағида) 233 тармағына сәйкес, осы тармақтың 1) - 6) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллды есептеу конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасына сәйкес есептеледі.

Конкурстық құжаттамасының 12-қосымшасына сәйкес, техникалық ерекшеліктердің әлеуетті өнім берушілерінің ұсынған бағалау өлшемшарттары қарастырылған, оның ішінде тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына әлеуеттік өнім берушінің ұсынатын жобасының сәйкес келуі.

Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігіне сәйкес, жобаның мақсаты «Белсенді тұрғындар қаласы» тұжырымдамасын құруға бағытталған жазғы жастар лагері болып табылады.

Сіздің конкурсқа қатысуға берген техникалық ерекшелігіңізге сәйкес, жобаның Тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына әлеуеттік өнім берушінің ұсынатын жобасының сәйкес келуінің негіздемесінде Сіздің жарғыңызға сәйкес, қызметіңіздегі басты мақсаттар, негізгі қызметтер және ұйымның мүмкіншіліктер көрсетілген.

Аталған ақпараттар техникалық ерекшелікке сәйкес, сатып алынатын қызметтің Тапсырыс берушінің салалық мамандандыру ұйымы миссиясына (ұйым мақсатының құрылтайшы құжаттарға сәйкес келуі) сәйкес келуінің негіздемесінде көрсетіледі.

Сонымен қатар, тапсырыс берушімен қойылған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігі үшін конкурстық комиссиямен Сізге 3 балл берілген.

Осыған орай, Тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына әлеуеттік өнім берушінің ұсынатын жобасының сәйкес келуіне есептелген 0 балл конкурстық комиссиямен дұрыс берілген.

Қағиданың 224 тармағына сәйкес, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың конкурстарына Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы" 2005 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 5-бабымен көзделген бағытта қызметін жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдар жарғысына сәйкес қатысады.

Қағиданың 243 тармағына сәйкес, веб-портал автоматты түрде конкурсқа қатысушылардың шартты бағаларын салыстырады және ең төменгі шартты баға негізінде жеңімпазды айқындайды.

Бұл ретте, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша өткізілетін мемлекеттік сатып алуларға, әлеуетті өнім берушілердің қатысуына тосқауыл қою шаралары Департамент құзыретіне жатпайтындығын хабарлайды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, бақылау қорытындысы бойынша, Сіздің арызда көрсетілген дәлелдемелеріңіз расталмады.

Арызыңызды қарастыру нәтижесі бойынша қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағым түсіруге құқылы екеніңізді қаперіңізге береміз.

Департамент басшысының м.а. **Б. Бөгембаев**

Орынд. Тлеубердиева К.Н.
Тел. 279-40-89